



*Өндіріс факторларынан  
түске табыс.*

- **Табыс** - әрбір нарықтық экономиканың қатысушының соңғы мақсаты және оның күнделікті іс – әрекетінің объективті ынтасы.
- **Табыс** – жеке тұлғаның қызмет нәтижесінің ақшалай көрінісі.
- **Табыс** – нарықтық субъектінің басқарымына үнемі заңды түрде түсіп отыратын ақшалай сомасы.

Табыстардың  
негізгі  
түсу көздері

**Жұмыскерлердің  
еңбек  
табысы**

**(жалақы, сый ақы және т.б.)**

**Кәсіпкерлік  
табыстар  
(пайда)**

**Меншік  
табыстары**

**(салымнан алынатын проценттер, рента)**

**Еңбек салымына байланыссыз  
түсетін әлеуметтік табыстар –  
(жұмыссыздарға жәрдем ақы және т.б.)**

Жалақы

Пайда

Пайыз

Рента

Кәсіпорын (фирма)  
мен әртүрлі  
шаруашылық  
ассоциациясындағы  
табыстың негізгі  
түрлері

Тауарды сатудан (қызмет көрсетуден) түскен табыстың кеткен шығындарынан көп болуы **пайда** болып табылады. Кәсіпорынның немесе фирма қызметінің негізгі принципі пайданы максимизациялау болып табылады.

Табыс- шығындар = таза пайда


- Пайда экономикалық теорияда ең күрделі және қарама-қайшы мәселелердің бірі болып табылады. Пайданың қайнар көзі және оның экономикадағы өсуі туралы сұрақтар пікір таласты тудырады. Орыс сөзі "пайда" В.Дальдің "түсіндірме сөздігінде", "өсім", "көбею", яғни бастапқы жұмсалған капитал санына «үстеме» деп түсіндіріледі. Бұл үстеме тауар өндірілгенде емес, сонымен бірге сатылғанда да көрінеді. Сондықтан пайданы тікелей коммерциялық қызметтегі табыспен байланыстырады. Осыған байланысты заңды сұрақтар туындайды: пайда қандай ортада құрылады, кім оны өндіреді, ненің есебінен пайда болады. Әр түрлі мектептер бұл сұрақтарға түрліше жауап береді.
- **Меркантилистер** пайда айналыста пайда болады және оның қайнар көзі сыртқы сауда болып табылады деп есептеген.

- А.Смит және Д.Рикардо пайданы өнімнен жұмысшы еңбегі үлесін алып тастағанға тең деп есептейді.
- К.Маркс пайданы тек жалдамалы еңбекпен жасалған екінші, туынды және өзгертілген формадағы қосымша құн деп қарады.
- Бұл категорияның анықтамасы қазіргі батыс экономистер бойынша түрлі варианттардың келісімді бірігуі болып табылады, оның ішінде негізгілері төмендегілер:
  - - пайда - бұл барлық өндіріс факторлардан алынған табыс, яғни рента, процент, жалақы;
  - пайда - бұл кәсіпкерлік қызмет үшін марапаттау және техникалық жетістіктерді енгізуге төлем;
  - пайда - бұл тәуекел және белгісіздік үшін төлем.

Қазіргі кездегі пайда туралы түсінік үш негізгі бағытта жасалынады: кейнсиандық, институционалды-өлеуметтік және неоклассикалық.

- Кейнсиандықтар пайданың жиынтық тұжырымдамасын макроэкономика деңгейінде ұсынады.
- Институционалды-өлеуметтік ілімде пайда әлеуметтік, сыртқы экономикалық факторлар жағынан түсіндіріледі: қоғамның барлық мүшелерінің игілігіне және т.б. қамқорлық жасау.
- Неоклассикалық ілімде пайданы неғұрлым толық зерттеудің негізгі мақсаты - пайданы максималды ету және жетілген және жетілмеген бәсекелестік жағдайында әрекет ететін жеке фирмалар деңгейінде жүргізіледі.







Фирма жалпы, орташа және шектік табысты есептейді.


- **Жалпы табыс** барлық сатылған өнімнің түсіміне тең.
- **Орташа табыс** сатылған өнім бірлігіне есептелінеді.
- **Шектік табыс** қосымша бірлігін сатқандағы жалпы табыстың өсуі.

- Сандық жағынан пайда тауарды сатқандағы жалпы табыс пен өндіріс шығындарының арасындағы айырма.
  - Шығындар құрамына не енетініне байланысты экономистер бухгалтерлік және экономикалық пайдаларды айырады.
  - **Бухгалтерлік пайда** - бұл жалпы табыс пен өндірістегі бухгалтерлік шығындар арасындағы айырма.
  - **Экономикалық пайда** - бұл жалпы табыс пен экономикалық шығындар арасындағы айырма. Дәл осы экономикалық ілімді зерттеудің пәні болып табылады.
- Егер, фирманың жалпы табыстары оның шығындарына тең болса, онда экономикалық пайда нөлге тең немесе қалыпты болады.

- 
- Фирмаға қатысты табыс көлемі қалыпты пайда көзі болып сипатталады.
  - **Пайда нормасы** - бұл процентте өрнектелген, пайданың өндіріс шығындарына қатынасы.
  - **Банктік пайда** табыс пен шығыс арақатынасы арқылы анықталады.
- 


# Ақша қаражаттарының түсімдері мен кетуі

## Түсімі +



Операциондық қызмет

## Кетуі -



Аналитика екі негізгі көрсеткішті қарауы тиіс бұл операциондық қызметтен түсетін таза ақша түсімдері мен еркін ақша ағымы.

# Ақша қаражаттарының түсімдері мен кетуін жіктеу

## Түсімдер +

Негізгі құралдар мен ұзақ мерзімдік инвестицияларды шығару

Ұзақ мерзімдік инвестицияларды сатудан

Займдар бойынша соммалары жинау

Инвестициондық қызмет

## Кетулер -

Негізгі құралдар мен ұзақ мерзімдік инвестицияларды сатып алу

Ұзақ мерзімдік инвестицияларды сатып алу

Займдар беру

# Ақша қаражаттарының түсімдері мен кетуін жіктеу

## Түсімдер+

Қарапайым және  
Артықшылығы бар акцияларды  
Сатудан түскен түсімдер

Қарыздық бағалы қағаздар  
шығару

Қаржылық  
қызмет

## Кетулер -

Қарапайым және  
Артықшылығы бар акцияларды  
Сатып алуға кеткен

Қарыздарды өтеуге кеткен

Дивидендтерді төлеуге кеткен

**Нарықтық қатынастарға  
көшкен елдерде  
осы табыстардың барлығы  
екі топқа бөлінеді:**


**Кәсіпкерлік  
қызметтен  
(жалақы мен  
пайда) және  
еңбектен түскен  
табыс**

**Заңды негізде алынған  
еңбексіз табыстар  
(дивиденттер, банктегі  
салым пайызы, меншіктен  
табыс, жылжымайтын  
мүлік салығы, мемлекеттен  
алынатын жәрдем ақы мен  
төлемдер (зейнет ақы,  
стипендия, жұмыссыздарға  
жәрдем ақы)**

## Бірінші ретті табыстар:

- Еңбек қызметінен түскен табыстар: еңбекақы, кәсіпкер табысы
- Жеке меншіктен түскен табыс: %- ссудадан түскен табыс, жер рентасынан, қозғалмайтын мүліктен түскен табыс.





Факторлық шығындар бойынша табыстың барлық сомасы ұлттық табысты құрайды.

Алғашқы бөлу нәтижесінде алғашқы табыс құралады, кейін әлде неше рет бөлінеді.

Функционалды бөлуден басқа табысты мөлшеріне қарай үлестіріледі. Соңғысы қоғамды құралған табысты отбасы арасында немесе жеке адамдарға үлестірумен сипатталады.

# Қоғамдық жиынтық табыс



Кесте 1 - Өндірістік үстеме шығындар бюджеті

Көрсеткіштер	Сомасы, \$
1 Дайын өнімнің кезеңнің басындағы қорлар, \$	
2 <u>Негізгі материалдардың қажеттілігі, \$</u>	
3 <u>Өндірістік жұмысшылардың негізгі еңбекақысы, \$</u>	
4 <u>Өндірістік үстеме шығындар, \$</u>	
5 <u>Өндірістің өзіндік құны, \$</u>	636400
6 <u>Дайын өнімнің жиынтығы, \$</u>	
7 <u>Дайын өнімнің кезеңнің аяғындағы қорлар, \$</u>	
8 <u>Сатылған өнімнің өзіндік құны, \$</u>	549700



Кесте 2 - Коммерциялық және әкімшілік шығындар бюджеті

Көрсеткіштер	Сомасы, \$
1 Жалпы коммерциялық шығындар	
1.1 Комиссиялық сыйақы	
1.2 Жарнама	
1.3 Сауда жұмыскерлердің еңбекақысы	
1.4 Көлік шығындары	
2 Жалпы әкімшілік шығындары	
2.1 Қызметкерлердің еңбекақысы	
2.2 Қосалқы материалдар	
2.3 Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы	
2.4 Басқадай шығындар	
3 <u>Барлығы</u>	

Кесте 3 - Операциялық пайда бюджеті

<u>Көрсеткіштер</u>	<u>Сомасы, \$</u>
1 <u>Түсім, \$</u>	
2 <u>Сатылған өнімнің өзіндік құны, \$</u>	
3 <u>Жалпы табыс, \$</u>	
4 <u>Коммерциялық және әкімшілік шығындар, \$</u>	
5 <u>Операциялық пайда, \$</u>	66300

Кесте 4 – 2021 ж. Табыстар мен зияндар туралы есептеменің жобасы



<u>Көрсеткіштер</u>	<u>Сомасы, \$</u>
1 <u>Түсім, \$</u>	
2 <u>Сатылған өнімнің өзіндік құны, \$</u>	
3 <u>Жалпы табыс, \$</u>	
4 <u>Коммерциялық және әкімшілік шығындар, \$</u>	
5 <u>Операциялық пайда, \$</u>	66300
6 <u>Пайыздар бойынша шығындар</u>	
7 <u>Салық салыңғанға дейінгі табыс</u>	
8 <u>Табыс салығы</u>	20000
9 <u>Таза табыс</u>	44525